

Хаттама №4

№225 орта мектепте 2023-2024 оқу жылында 26 наурыз күні әдістемелік кеңес мәжілісі өткізілді.

Қатысуға тиісі педагогтер саны:40

Қатысқаны: 37

Күн тәртібінде:

ҚР Оқу-ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің тексеру қорытындысы бойынша ұсынылған кемшіліктер мен ескертулер негізінде талдау

Тындалды:

Мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ебелекова Э. хабарлама жасады:

ҚР Оқу-ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің тексеру қорытындысы бойынша 2022-2023 оқу жылындағы оқу жоспарында 10-сыныпта ҚГБ бойынша физика-1 сағат, химия-1 сағат, биология-1 сағат, вариативтік оқу жүктемесі-5 сағат, жалпы-33 сағат апталық жүктемесі берілген. ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.09.202 ж №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістер бойынша түзету жасалмағандығы анықталған.

Сонымен бірге 2021-2022 оқу жылында өткізілген емтихан хаттамаларын толтыру барысында қателік жіберілген. Емтиханға келген білім алушылардың тегі, аты, әкесінің аты жазылатын жолға емтиханға келген білім алушылардың сандық мәліметі жазылған.

Көрсетілген қателіктерді алдағы уақытта болдырмау мақсатында жұмыс жүргізуіміз керек.

Шығып сөйлеушілер:

Каюпова М. «Жаратылыстану-математика» пәндерінің бірлестік жетекшісі: Мектептің оқу жоспарын жасауда комиссия мүшесі ретінде алдағы уақытта қолданыстағы тиісті Үлгілік Оқу жоспары бойынша сағат санын реттеу назарға алынатын болады деп есептеймін.

Орынбай А. Биология пәні мұғалімі: Емтихан хаттамасындағы көрсетілген кемшіліктер, бұзушылықтар жойылады, құжаттамалар тиісті үлгіде жазылуын басшылыққа аламыз

Хабарламашы мен шығып сөйлеушілердің сөзін қорыта келе, шешім етеді:

1. Мектептің жұмыстық оқу жоспары ҰОЖ негізінде жасалуы қамтамасыз етілсін.
2. Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі оқыту курсы үшін емтихан хаттамаларын толтыруда жіберілген қателіктер жөнделсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы:

Хатшысы:




Э.Ебелекова

Н.Елеш